

**"Ішкі және сыртқы нарықтарда азық-түлік тауарларына баға бойынша ахуалдың мониторингі, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі нарықты қорғау және азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 11 қаңтардағы № 6-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 106-ө өкімі

«Ішкі және сыртқы нарықтарда азық-түлік тауарларына баға бойынша ахуалдың мониторингі, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі нарықты қорғау және азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 11 қаңтардағы № 6-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ішкі және сыртқы нарықтарда азық-түлік тауарларына баға бойынша ахуалдың мониторингі, ішкі нарықты қорғау және азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру туралы»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Ішкі және сыртқы нарықтарда азық-түлік тауарларына баға бойынша ахуалдың мониторингін жүргізу, ішкі нарықты қорғау және азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:»;

1 - т а р м а қ т а :

жұмыс тобының құрамына мыналар енгізілсін:

Қуандықов - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті  
Болатбек Баянұлы қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы  
агенттік) төрағасы, жетекші

Толыбаев - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы  
Марат Еркінұлы вице-министрі, жетекшінің орынбасары

Тұяқбаева - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті  
Мира Асылбекқызы қорғау агенттігі (Монополияға қарсы  
агенттік) Көлік, байланыс және  
агроөнеркәсіп кешенін талдау  
департаментінің директоры, хатшы

Баймұханов - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті  
Тимур Сұлтанбекұлы қорғау агенттігі (Монополияға қарсы  
агенттік) төрағасының орынбасары

- Мамашева - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
Дина Талғатқызы Кедендік бақылау комитеті төрағасының  
орынбасары
- Сүйінбаев - Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
Серік Қойсарыұлы министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті  
төрағасының орынбасары
- Қосманова - «АӨК Қазақстан іскерлік кеңесі» заңды  
Мәдина Садулқызы тұлғалар мен дара кәсіпкерлер бірлестігінің  
басқарма төрағасы
- Мұхамеджанов - «Қазагромаркетинг» акционерлік қоғамы  
Нұрлан Мырзабекұлы басқарма төрағасының орынбасары (келісім  
бойынша)
- Якупбаева - «Атамекен» одағы» Қазақстан ұлттық  
Юлия Константиновна экономикалық палатасы» заңды тұлғалар  
бірлестігінің атқарушы директоры - басқарма  
мүшесі (келісім бойынша);

мына:

- «Жақсылықов - Қазақстан Республикасының Экономикалық даму  
Тимур Мекешұлы және сауда вице-министрі
- Попелюшко - Қазақстан тағам және қайта өңдеу  
Анатолий Висханович өнеркәсібінің тауар өндірушілер одағының  
президенті (келісім бойынша)»;

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

- «Жақсылықов - Қазақстан Республикасының Экономика және  
Тимур Мекешұлы бюджеттік жоспарлау вице-министрі
- Попелюшко - «Қазақстанның тамақ кәсіпорындары одағы»  
Анатолий Висханович заңды тұлғалар бірлестігінің президенті  
(келісім бойынша)»;

жұмыс тобының құрамынан Ғабидолла Рахметоллаұлы Әбдірахымов, Мүслім Тайырұлы Өмірияев, Маржан Несіпбекқызы Әбсаттарова, Еркеғали Амантайұлы Әлімқұлов, Айдар Қалымтайұлы Қазыбаев, Жанарбек Төлеубекұлы Бақтыбаев, Нұржан Әмірғожаұлы Әшіханов, Алмаз Ерасылұлы Әбілқасымов, Владимир Яковлевич Дворецкий, Айгүл Төлеуғазықызы Ахмеджанова, Әлихан Есенғосұлы Мәмбеталин, Серік Аманжолұлы Сатиев шығарылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жұмыс тобы ішкі және сыртқы нарықтарда азық-түлік тауарларына баға бойынша ахуалдың тұрақты негіздегі мониторингін жүргізсін, ішкі нарықты қорғау және азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.».

*Премьер-Министр*

*С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК